

Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы № 119 "2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қарағанды облыстық мәслихатының 2024 жылғы 25 сәуірдегі № 168 шешімі

Қарағанды облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарағанды облыстық мәслихатының "2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" 2023 жылғы 14 желтоқсандағы №119 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №190224 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2024 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 561675820 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 131985869 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 6037494 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер бойынша – 0 теңге;

трансферттер түсімдері бойынша – 423652457 мың теңге;

2) шығындар – 578627335 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 15841183 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 24451718 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 8610535 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -32792698 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 32792698 мың теңге:

қарыздар түсімдері – 35106154 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 7936823 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 5623367 мың теңге.";

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. 2024 жылға арналған облыстық бюджетке, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне кірістерді бөлу нормативтері келесі мөлшерлерде белгіленсін:

1) корпоративтік табыс салығы бойынша:

Қарағанды, Саран қалаларына - 50 пайыздан, Абай ауданына, Теміртау қаласына - 95 пайыздан, Балқаш, Приозерск, Шахтинск қалаларына, Нұра, Осакаровка, Шет

аудандарына - 98 пайыздан, Ақтоғай, Бұқар-Жырау, Қарқаралы аудандарына – 99 пайыздан;

2) жеке табыс салығы бойынша:

төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын:

Саран қаласына – 30 пайыз, Қарағанды қаласына – 45 пайыз, Балқаш, Теміртау қалаларына – 50 пайыздан, Абай, Ақтоғай, Бұқар-Жырау, Нұра, Осакаровка аудандарына, Приозерск, Шахтинск қалаларына – 80 пайыздан, Шет ауданына – 87 пайыз, Қарқаралы ауданына – 90 пайыз;

төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын:

Абай, Ақтоғай, Бұқар-Жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаровка, Шет аудандарына, Балқаш, Қарағанды, Приозерск, Саран, Теміртау, Шахтинск қалаларына – 100 пайыздан ;

төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын:

Абай, Ақтоғай, Бұқар-Жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаровка, Шет аудандарына, Балқаш, Қарағанды, Приозерск, Саран, Теміртау, Шахтинск қалаларына – 100 пайыздан ;

3) әлеуметтік салық бойынша:

Саран қаласына – 21 пайыз, Қарағанды қаласына – 47 пайыз, Теміртау қаласына – 50 пайыз, Балқаш қаласына – 68 пайыз, Нұра ауданына – 74 пайыз, Приозерск қаласына – 76 пайыз, Абай, Бұқар-Жырау аудандарына, Шахтинск қаласына – 77 пайыздан, Ақтоғай, Шет аудандарына – 78 пайыздан, Қарқаралы ауданына – 79 пайыз, Осакаровка ауданына – 87 пайыз;

4) өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары бойынша:

Абай, Ақтоғай, Бұқар-Жырау, Қарқаралы, Нұра, Осакаровка, Шет аудандарына, Балқаш, Қарағанды, Приозерск, Саран, Теміртау, Шахтинск қалаларына – 100 пайыздан .";

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Қарағанды облысы әкімдігінің 2024 жылға арналған резерві 1 312 707 мың теңге сомасында бекітілсін.";

көрсетілген шешімнің 1, 4, 5-қосымшалары, осы шешімнің 1, 2, 3-қосымшаларына сәйкес, жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енеді.

Облыстық мәслихат төрағасы

Н. Кобжанов

Қарағанды облыстық мәслихатының

2024 жылғы 25 сәуірдегі

№ 168 шешіміне

1 қосымша

Қарағанды облыстық мәслихатының

2023 жылғы 14 желтоқсандағы

2024 жылға арналған облыстық бюджет

Санаты				Сома (мың теңге)
	Сыныбы	Ішкі сыныбы		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	561675820
1			Салықтық түсімдер	131985869
	01		Табыс салығы	73287691
		1	Корпоративтік табыс салығы	22990966
		2	Жеке табыс салығы	50296725
	03		Әлеуметтік салық	38387128
		1	Әлеуметтік салық	38387128
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	20311050
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	19931791
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	379259
2			Салықтық емес түсімдер	6037494
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	2943528
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	377941
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	170100
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген	2395487

			кредиттер бойынша сыйақылар	
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2877782
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	2877782
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	216184
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	216184
4			Трансферттердің түсімдері	423652457
			Төмен тұрған мемлекеттік басқару	

	01		органдарынан трансферттер	23137229
		2	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер	23137229
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	400515228
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	400515228

Функционалдық топ	Функционалдық кіші топ	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама	Атауы	Сума (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
				II. Шығындар	578 627 335
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	5 158 434
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	3 931 449
		110		Облыс мәслихатының аппараты	284 702
			001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	274 354
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	10 348
		120		Облыс әкімінің аппараты	2 841 558

			001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	2 323 235
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 245
			007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	135 304
			009	Әкімдерді сайлауды қамтамасыз ету және өткізу	378 774
		263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	315 828
			075	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	315 828
		282		Облыстың тексеру комиссиясы	489 361
			001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	476 664
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	12 697
	2			Қаржылық қызмет	565 113
		257		Облыстың қаржы басқармасы	407 639
				Жергілікті бюджетті атқару, коммуналдық меншікті	

			001	басқару және бюджеттік жоспарлау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	338 548
			013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 728
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	63 363
		718		Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	154 143
			001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	152 833
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 310
		727		Облыстың экономика басқармасы	3 331
			021	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	3 331
5				Жоспарлау және статистикалық қызмет	329 228

		257		Облыстың қаржы басқармасы	1 500
			061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	1 500
		727		Облыстың экономика басқармасы	327 728
			001	Экономикалық саясатты қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	315 083
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	11 645
			061	Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекешелік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	1 000
	9			Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер	332 644
		269		Облыстың дін істері басқармасы	332 644

			001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	309 649
			004	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	6 020
			005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	16 975
02				Қорғаныс	1 827 752
	1			Әскери мұқтаждар	323 709
		296		Облыстың жұмылдыру дайындығы басқармасы	323 709
			003	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	97 775
			007	Аумақтық қорғанысты дайындау және облыстық ауқымдағы аумақтық қорғанысы	225 934
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	1 504 043
				Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше	

		287		жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	1 034 824
			004	Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	1 034 824
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	22 340
			010	Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту	22 340
		296		Облыстың жұмылдыру дайындығы басқармасы	446 879
			001	Жергілікті деңгейде жұмылдыру дайындығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	363 179
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	83 700
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	21 895 724
	1			Құқық қорғау қызметі	21 895 724

		252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	21 895 724
			001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20 926 853
			003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	7 166
			006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	961 705
04				Білім беру	279 628 873
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	35 002 061
		261		Облыстың білім басқармасы	34 991 061
			081	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту	2 641 394
			200	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету және оларда медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	793 530
				Мектепке дейінгі білім	

			202	беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	31 556 137
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	11 000
			011	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	11 000
	2			Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	204 994 037
		261		Облыстың білім басқармасы	164 147 610
			003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	5 357 649
			006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	5 894 739
			055	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	10 285 906
			082	Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	76 117 541
				Ауылдық жерлерде оқушыларды	

			083	жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру	394 220
			203	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	66 097 555
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	13 803 644
			006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	12 020 718
			007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	1 782 926
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	27 042 783
			012	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	5 617 681
			069	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	967 131
				"Жайлы мектеп" пилоттық	

			205	ұлттық жобасы шеңберінде бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу	20 457 971
4				Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	26 435 099
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 218 071
			043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	840 190
			044	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқитындарға әлеуметтік қолдау көрсету	377 881
		261		Облыстың білім басқармасы	25 217 028
			024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	25 217 028
5				Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	550 540
		120		Облыс әкімінің аппараты	14 436

			019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	14 436
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	291 698
			003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	291 698
		261		Облыстың білім басқармасы	244 406
			052	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	244 406
	6			Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру	544 942
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	383 847
			057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	383 847
		261		Облыстың білім басқармасы	161 095

			057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	161 095
	9			Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	12 102 194
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	467 519
			034	Денсаулық сақтау жүйесіндегі мемлекеттік білім беру ұйымдарының күрделі шығыстары	467 519
		261		Облыстың білім басқармасы	11 634 675
			001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 351 034
			005	Мемлекеттік білім беру ұйымдар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	2 592 263
			007	Облыстық, аудандық (қалалық) ауқымдардағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс	37 760

				іс-шараларды және конкурстар өткізу	
			011	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	974 951
			012	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	541 462
			029	Білім беру жүйесін әдістемелік және қаржылық сүйемелдеу	1 682 949
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	3 904 166
			086	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	4 708
				Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының	

			087	қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	545 382
05				Денсаулық сақтау	21 311 767
	2			Халықтың денсаулығын қорғау	9 410 425
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	2 754 014
			006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	478 828
			007	Салауатты өмір салтын насихаттау	18 905
			041	Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету	1 327 935
			042	Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу	814
				Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған	

			050	санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	927 532
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	6 656 411
			038	Деңсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	6 656 411
	3			Мамандандырылған медициналық көмек	2 148 171
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	2 148 171
			027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	2 148 171
	4			Емханалар	1 461 646
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	1 461 646
				Денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмегін	

			039	қамтитын қосымша медициналық көмектің көлемін көрсету, Call-орталықтардың қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар	1 461 646
	5			Медициналық көмектің басқа түрлері	127 955
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	127 955
			029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	127 955
	9			Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	8 163 570
		253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	8 163 570
			001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	460 850
			008	Қазақстан Республикасында ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	329 036
				Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін	

			016	тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	828
			018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	108 267
			023	Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	407 000
			030	Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары	43 061
			033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	6 814 528
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	24 214 133
	1			Әлеуметтік қамсыздандыру	15 064 762
		256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	11 734 513
				Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында	

			002	, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 460 146
			013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектігі бар адамдар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	6 817 230
			014	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектігі бар адамдарға, оның ішінде мүгедектігі бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	522 982
				Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда),	

			015	арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында , әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедектігі бар балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 813 417
			064	Еңбек мобильділігі орталықтары мен мансап орталықтарының жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі азаматтарды әлеуметтік қолдау бойынша қызметін қамтамасыз ету	1 106 678
			069	Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын құруға жұмыс берушінің шығындарын субсидиялау	14 060
		261		Облыстың білім басқармасы	3 320 140
			015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	2 513 995

			037	Әлеуметтік сауықтандыру	359 560
			092	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	446 585
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	10 109
			039	Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау	10 109
	2			Әлеуметтік көмек	6 800 154
		256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	6 725 699
			003	Мүгедектігі бар адамдарға әлеуметтік қолдау	188 128
			068	Жұмыспен қамту бағдарламасы	6 537 571
		261		Облыстың білім басқармасы	74 455
			084	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол	74 455

				жүру түрінде әлеуметтік қолдау	
	9			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	2 349 217
		256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	2 143 241
			001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	314 035
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	23 061
			011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	229
			018	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	81 691
				Жергілікті деңгейде	

			044	көші-кон іс-шараларын іске асыру	42 850
			053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	124 400
			061	Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қ о н ы с аударуына жәрдемдесу	31 210
			062	Біліктілік жүйесін дамыту	3 893
			066	С е н і м білдірілген агентке жастардың кәсіпкерлік бастамасына жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру жөніндегі қызметтеріне ақы төлеу	62 463
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	231 677
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	1 227 732
		270		Облыстың еңбек инспекциясы бойынша басқармасы	205 976
				Жергілікті деңгейде еңбек	

			001	қатынасын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	192 701
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	13 275
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	74 155 737
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	13 184 436
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	30 000
			054	Жеке тұрғын үй қорынан алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер	30 000
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	13 154 436
			006	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	13 154 436
	2			Коммуналдық шаруашылық	60 971 301
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	60 971 301
				Жергілікті деңгейде энергетика және	

			001	тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	217 462
			004	Елді мекендерді газдандыру	1 012 355
			032	Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау	785 063
			038	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	100 098
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	7 473 190
			114	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы даму трансферттері	51 383 133
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	26 866 284
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	8 804 606
		273		Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	8 775 913

			005	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	2 444 203
			007	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	1 636 502
			008	Театр және музыка өнерін қолдау	4 695 208
		288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	28 693
			027	Мәдениет объектілерін дамыту	28 693
	2			Спорт	6 954 384
		285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	6 954 384
			001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	198 458
			002	Облыстық деңгейде спорт жарыстарын өткізу	75 803
			003	Әр түрлі спорт түрлері бойынша облыстың құрама командаларының мүшелерін дайындау және республикалық және халықаралық	6 454 936

				с п о р т жарыстарына қатысуы	
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	172 641
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	52 546
	3			Ақпараттық кеңістік	8 861 785
		263		Облыстың ішкі с а я с а т басқармасы	1 247 165
			007	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	1 247 165
		264		Облыстың тілдерді дамыту басқармасы	274 644
			001	Жергілікті деңгейде тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	213 474
			002	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	54 670
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 500
		273		Облыстың мәдениет,	2 069 926

				архивтер және құжаттама басқармасы	
			009	Облыстық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	825 587
			010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	1 244 339
		739		Облыстың ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасы	5 270 050
			001	Жергілікті деңгейде ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету, архив ісін басқару жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 249 550
			113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	20 500
4				Туризм	88 684
		275		Облыстың кәсіпкерлік басқармасы	88 684
			009	Туристік қызметті реттеу	75 689
			074	Кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялау	12 995

9			Мәдениет, спорт , туризм және ақпараттық кеңістікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	2 156 825
		263	Облыстың ішкі саясат басқармасы	532 372
			001 Жергілікті деңгейде мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	512 681
			032 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	19 691
		273	Облыстың мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы	1 005 419
			001 Жергілікті деңгейде мәдениет және архив ісін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	250 796
			032 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	56 765
			113 Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	697 858

		283		Облыстың жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы	619 034
			001	Жергілікті деңгейде жастар саясатын іске асыру жөніндегі қызметтер	254 552
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	15 290
			005	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	349 192
09				Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	2 492 325
	1			Отын және энергетика	2 492 325
		279		Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы	2 492 325
			050	Жылыту маусымын іркіліссіз өткізу үшін энергия өндіруші ұйымдардың отын сатып алуға шығындарын субсидиялау	2 063 903
			081	Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу	428 422

10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	36 597 241
	1			Ауыл шаруашылығы	26 324 988
		255		Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы	23 294 376
			001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	620 795
			002	Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау	571 525
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	21 365
			008	Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау	2 190 857
				Ауыл шаруашылығы	

			014	тауарларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау	141 201
			018	Пестицидтерді (улы химикаттарды) залалсыздандыру	2 559
			029	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар	67 710
			045	Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау	60 809
			046	Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу	5 899
			047	Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау	937 859
